



Жаңалықтар

Қазақстан Президенті мен Сауд Арабиясының Тақ мұрагері келіссөз жүргізді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қос Киенің сакшысы – Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудтың шақыруымен Джидда қаласына ресми сапармен келді. Қазақстан Президентін әуежайда Корольдің кеңесшісі әрі Мекке провинциясының губернаторы Фейсал Халид бен Әбделазиз, сондай-ақ Сауд Арабиясы Корольдігінің Қоршаған ортаны қорғау, су ресурстары және ауыл шаруашылығы министрі Абдурахман Әл-Фадли қарсы алды.

Содан кейін Президент ресми кездесу өткізу үшін Корольдің «Қаср Ас-Салам» сарайына барды.

Құрмет карауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Сауд Арабиясының әнұрандары шырқалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Так мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ресми делегациялардың мүшелері таныстырылды. Бұдан кейін Мемлекет басшысы мен Так мұрагері келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ілттипат білдіріп, шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Сауд Арабиясының Королі мен Так мұрагеріне алғыс айтты.

Қазақстан Президентінің айтуынша, Мемлекет басшысы ретінде Сауд Арабиясына алғаш рет келгендіктен, бұл сапардың маңызы зор.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Қазақстанның басты стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

– Сауд Арабиясы – Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған елдердің бірі. Осы кезеңде түрлі бағыттағы ынтымақтастығымыз нығая түсті. Қазір қазақ-сауд қатынастары жоғары деңгейде. Дегенмен, екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретін кез келді. Бұл – елдеріміздің мүддесіне сай келетін ортақ шешім. Біздің өзара тиімді байланыстарымыз нығая береді деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы. Келіссөз барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Қазақстан Сауд инвесторлары үшін өзара мүддені көздейтін түрлі перспективті салалар бой-

ынша ерекше шарттар мен кең көлемде артықшылықтар ұсынуға дайын.

Тараптар өзара тауар айналымын едәуір арттыруға ниетті екенін және жуық арада екі ел үкіметтерінің бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыратынын нақтылады.

Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд елдеріміз арасындағы қатынастар деңгейі жақсы екенін атап өтіп, оны әрі қарай нығайтып, дамыту үшін мүмкіндіктер мол екенін айтты. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет екеніне тоқталды. Оның айтуынша, бұл ретте Қазақстан мен Сауд Арабиясының бизнесмендерін біріктіретін Іскерлік кеңестің рөлі зор болмақ.

Тақ мұрагері Мемлекет басшысының ресми сапары аясында өтетін Инвестициялық дөңгелек үстелге Корольдіктің ірі компанияларының өкілдері қатысатынын жеткізді.

Оның айтуынша, қазіргі жағдайда Сауд Арабиясының Мемлекеттік инвестициялық қоры үйлестіретін бірқатар жоба бойынша бірлескен жұмыс маңызды саналады.



Атап айтқанда, Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд Корольдіктің компаниялары Қазақстанның аграрлық саласына инвестиция салуға қызығушылық танытып отыр. Оның пікірінше, бұл бағыт жаһандық азық-түлік дағдарысы жағдайында аса өзекті бола түседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Так мұрагерін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Мұхаммед бен Салман бұл шақыруды қуана қабылдайтынын айтып, қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың нақты нәтижелерін талқылау үшін Қазақстанға сапармен келуге дайын екенін жеткізді.

akorda.kz



Құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді айтулы мереке - қала күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке қала тұрғындарын: жастар мен ардагерлерді, әртүрлі ұлт, дін және мамандық иелерін біріктіреді. Осында туып өскен жастарымызға да, Балқаш көлінің жағасында орналасқан қаламызбен өз тағдырын байланыстырған әр бір азамат үшін де өте қымбат.

Жыл сайын қаламыз көркейіп, өмір сүруге ыңғайлы және әдемі болып келеді. Абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, тұрғын үйлер салынуда, мектептер мен балабақшалар жыл сайын жөнделуде, балалар алаңдары жабдықталуда. Қаламызды одан әрі дамыту, белгіленген жоспарларды іске асыру барлық қала тұрғындарының белсенді қолдауымен ғана мүмкін.

Қажырлы еңбек пен сүбелі үлес қосып, туған қаламыздың экономикасы мен әлеуметтік саласын нығайтуға, оны дамыту үшін аянбай жүрген жерлестерімізгешынжүректеналғысайтамын.

Құрметті әсерлестер!

Приозерск қаласының одан әрі өсуі мен өркендеуі, оның жарқын болашағы өзімізге ғана байланысты. Қаламыздың барлық тұрғындарына бейбітшілік пен тыныштық, зор денсаулық, амандық, табыс пен бақыт тілеймін.

Мереке құтты болсын!

Қала күнімен!

Қала күні

Дорогие Приозерцы!

Тепло и сердечно поздравляю вас со знаменательным праздником - Днём города!

Это событие объединяет всех горожан: молодёжь и ветеранов, людей разных национальностей, вероисповедания и профессий. Он дорог тем, кто родился в Приозерске, и тем, кто связал с городом на Балхаше свою судьбу.

С каждым годом наш город становится красивее и удобнее для жизни, его славное прошлое сочетается с динамичным настоящим: ведутся работы по благоустройству и озеленению.

Строится жильё, ежегодно ремонтируются школы и детские сады, обустраиваются детские площадки, но воплотить в жизнь намеченные планы возможно лишь при активной поддержке всех горожан.

Искренне благодарю всех, кто своим трудом, энергией и талантом вносит вклад в укрепление экономики и социальной сферы родного города, делает всё необходимое для его развития.

Уважаемые земляки!

Только от нас с вами зависит дальнейший рост и процветание Приозерска, его светлое будущее. Желаю всем жителям нашего славного города мира и спокойствия, доброго здоровья, благополучия, успехов и счастья.

С праздником!

С Днём города!

С.Сатаев,

Приозерск қаласының әкімі.

Б.Сәрсембеков,

Приозерск қалалық мәслихат хатшысы.

Хабарландыру!!!



Приозерск қаласы тұрғындарының назарына!

Қарағанды облысының әкімі Жәніс Қасымбек тамыздың бірінші жартысында Приозерск және Балқаш тұрғындарымен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Кездесу орны мен күні туралы қосымша хабарланатын болады.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс топтары құрылды.

Приозерск тұрғындары өтініштерін мына телефондар арқылы: (8-71039) 5-30-06; электрондық пошта мекенжайы: prio_akimat@krg.gov.kz. жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін)

К сведению жителей города Приозерск!

Аким Карагандинской области Женис Касымбек в первой половине августа встретится с жителями Приозёрска и Балхаша и проведёт личный приём.

О месте и дате встречи будет общено дополнительно.

Для сбора вопросов и предложений от населения созданы рабочие группы.

Жители Приозерска могут оставить свои обращения по телефонам: (8-71039) 5-30-06; адрес электронной почты: prio_akimat@krg.gov.kz.



Қаламыздың және Сарышаған сынақ алаңының құрылғанына 66 жыл толған мерейтойына орай 30-шілде күні қаланың үлкен алаңындағы жаңадан құрылған мінбер маңында керемет мерекелік шара болып өтті. Танымал әнші Айғанша Болысованың «Елге сәлем!» әнімен ашылған мерекелі сахна маңына қала тұрғындары көптеп жиналды.

Қаламыздың төрінде бой көтерген жаңа мәдени нысан – бас сахна құрылысына қала бюджетінен ешқандай қаражат жұмсалмай, тек демешілердің қаражаты есебінен жүргізілді. Иә, қаламыздың дәл туған күнінде бізге осындай керемет жаңа сахианы сыйға тартқан демешілерге алғысымыз шексіз!

Салтанатты кештің құттықтау сөзі Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевқа берілді.



Әкімнің құттықтауынан кейін кезек марапаттауларға берілді. Қазақстандық Қоғам құру ісінде табысты еңбек етіп, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, мемлекетаралық достастықтың нығаюына өз үлестерін қосып жүрген, қаламызда орналасқан Ресей және Қазақстан әскери гарнизондарының басшылары – РФ ҚК 10-Сарышаған сынақ алаңы 03080 ә/б бастығы Казаков Алексей Викторович пен Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігі Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі Жасұлан Садуұлы Абековке қала әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Сонымен қатар қала тұрғындарын РФ ҚК 10-Сарышаған сынақ алаңы 03080 ә/б бастығы А.В.Казаков, ҚР ҚК Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 ә/б командирі Жасұлан Садуұлы Абеков құттықтады. Осы күні өткен спорттық жарыстарда жеңіске жеткен командаларды марапаттау рәсімінде Қазақстан және Ресей құрама командалары арасында футболдан жолдастық кездесуде жеңіске жеткен РФ ҚМ 03080 ә/б командасы марапатталады. Женімпаздарға қала әкімінің грамотасы, кубок және теледидар табысталады. Қазақстан және Ресей құрама командалары арасында волейболдан жолдастық кездесуде жеңіске жеткен – қаланың құрама командасы марапатталып, оларға да қала әкімінің грамотасы, кубок және теледидар тапсырылды.

Приозерск қаласының 66 жылдығын мерекелеу аясында еліміздің 5 өңірінен: Жамбыл, Ұлытау, Түркістан, Қарағанды облыстарының және Нұрсұлтан қаласының палуандары қатысқан «Қазақ күресінен» дүбірлі жарыс өтті.

«Қазақ күресі» бойынша 70 келіге дейінгі салмақта 3-ші орынды Жаңарақа ауданының палуаны Маулен Қожин жеңіп алды, 3-ші орын жүлдегері 70 мың теңгелік сертификатпен, осы салмақта 2-орын жүлдегері және де Жаңарақа ауданының палуаны Ернұр

ҚАЛА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Тлеуберген 100 мың теңгелік сертификатпен, 1-орын жүлдегері, Қарқаралы ауданынан келген палуан Медет Исин 150 мың теңгелік сертификатпен марапатталады. 90 келіге дейінгі салмақта 3-орынды Шет ауданынан келген палуан Дидар Нықаш, 2-орын жүлдегері, Бұқар Жырау ауданының палуаны Қабдығаниев Қазбек және осы салмақта 1-орын жүлдегері, Приозерск қаласының палуаны Мағди Дүйсетай жоғарыдағыдай көлемде ақшалай сертификатпен марапатталады. «Қазақ күресінен» 90 келіден жоғары салмақ бойынша: 3-орын жүлдегері, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданынан келген палуан Айдарбек Токтарбек 100 мың және осы салмақта 2-орын жүлдегері, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының палуаны Оңалбай Жұмаділда 200 мың теңгелік сертификатпен марапатталады. Бас жүлдені табыстау үшін бүгінгі «Қазақ күресі» жарысының Бас төрешісі, Қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері Заңғар Қонысбайұлы Әлкенов сахнаға шақырылды. «Қазақ күресі» бойынша жарыстың түйе палуаны, 90 келіден жоғары салмақта 1-і орын жүлдегері, яғни абсолют палуан Шет ауданынан келген Ақжігіт Оралов 300 мың теңгелік сертификатпен марапатталады.



Осы күнгі кештің ең маңызды – қаламызда алғаш рет өткен «Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауының жұрт асыға күткен қорытындысы жарияланып, марапаттау рәсімі болды.

Мерекелік кеш қаламыздың өнерпаздары дайындаған концертпен жалғасады. Онда Марс Сүлейменов, Г.Урсарова, Т.Қарикенов, А.Болысова, Н.Сейдікөрім, Елена Быкович, Мерей Тұрсынбеков ән шырқады. Мерейлі мерекеге арнайы келген Қарағанды қаласы эстрада жұлдыздарының мерекелік ән-шашуда жетекшісі республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты, мәдениет озаты Әсет Абілдин болған «Шыңдауыл» үрмалі аспаптар ансамблінің орындауындағы шығармалар көременнің ықыласына бөленді. «Инжу» тобының мың бұралған бишілері де өз өнерлерін көпшілікке паш етті.



Республикалық дәстүрлі әншілер байқауларының лауреаты Жандос Иманбайдың әндері, Қазақстан дауысы тележобасының финалисі, Республикалық Жас канат байқауының күміс жүлдегері, Халықаралық Шәмші Қалдаяқов атындағы, Халықаралық Батырхан Шүкенов атындағы, Буриятия елінде өткен халықаралық «Белый месяц» байқауларының лауреаты Лаура Айтбаеваның

Төлеген Сармутдиновтың және Сергей Холидидің өнері жиылғандарды тәнті етті. Кешжастардың биікешіне жалғасты.

Приозерск қаласы күні және «Балалар жылы» аясында «Балалар арбаларының шеруі» байқауы өтті. Оған 17 отбасы қатысты. Арбаны безендіріп, түрлі кейіпке келтіру – байқаудың басты мақсаты. Қатысушылар орталық алаңда салтанатты түрде жүріп өтті. Қазылар алқасына үздік арба тандау қиынға соқты. Алайда, өзгеше креативті арбалар жүлделі орындарға ие болды. 1-орын «Балақай» бөбекжайының «Шаңырақ» арбасы,

2-орын - Ресей Федерациясының 03080 ә/б «Кеме» арбасы және үшінші орынды екі отбасы, «Балбөбек» бөбекжайының «Керуен» арбасы; №2 ЖБОМ «Ханшайым-Раушан» арбасы иеленді. Шоу жарқын және қызықты болды. Байқаудың барлық қатысушылары сыйлықтармен марапатталды.

ТУТҰҒЫРДЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

Сарышаған сынақ алаңының ашылып, Приозерск қаласының бой көтергеніне 66 жыл толу мерейтойы қарсаңында, жаз айының шуақты күнінде, көк толқыны тулаған қасиетті Балқаш көлінің жағасында Приозерск тұрғындары үшін маңызы зор оқиғаның куәгері болғалы отырмыз. Ендеше, қаламызда алғаш рет орнатылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы орнатылған тұтұғырдың ашылу салтанаты болып өтті. Оған қала әкімі С.Қ. Сатаев, РФ ҚК 10-Сарышаған сынақ алаңы 03080 ә/б бастығы Казаков Алексей Викторович пен Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігі Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі Жасұлан Садуұлы Абеков, 44841, 60601, 18405 әскери бөлімдерінің командирлері, шақырылған қала қонақтары, қала әкімдігі бөлімдерінің басшылары және қала тұрғындары қатысты. «Көк тудың желбірегені» әні көкте қалықтаған ашылу салтанатында жиылған жұрттың кеуделерін қуаныш кернеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы, Приозерск қаласының және Сары-Шаған полигонының 66 жылдығы аясында өтіп жатқан бұл шара сүйікті қаламыздың туған күніне орай тарту-таралғы ретінде көпті қуантты. Қаламыздың алғашқы кірпішін қалаған құрылысшылардың рухына бас ие отырып, еліміздің көк туының осы ескерткіште желбірегені біз үшін үлкен мәртебе екендігін атап өтуге тиіспіз. Салтанатты шараның алғашқы сөзі Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевқа беріледі. Жалынды құттықтаудан соң РФ ҚК 10-Сарышаған сынақ алаңы 03080 ә/б бастығы Казаков Алексей Викторович пен Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігі Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі Жасұлан Садуұлы Абеков құттықтау сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы орнатылған тұтұғырдың ашылуы қала тұрғындары мен өскелең ұрпақтың жігерін жанып, еңбек пен қызметке деген құлшынысын арттыра-ры сөзсіз. Еліміздің мәртебесі биіктеп, қазақтың аты әлемге шарықтай берсін!

ҚАЛАҒА 66 ЖЫЛ

Қоржынтүбек – Балқаштың жағасында,
Сары бел – Сарыарқа даласында.
Ағыбай батыр бір кез ат шалдырған,
Сапыртып сары қымыз сабасында.

Осында бұрын шағын ауыл болған,
Тірлігін жасау үшін қауым қонған.
Некилы зұлматтарды бастан кешіп,
Өтіпті киын күннен, ауыр жолдан.

Алпыс алты жыл бұрын қала салған,
Тағдыры бұл далаға қарап оңнан.
Кенестің дәуірінде болса-дағы,
Бастаған жаңа өмір – жаңа жолдан.

Қайтемін өткен күнді есіме алып,
Бәріне куә тұрған осы халық.
Отыз жыл егеменге толғанында,
Тербелді тоқтап қалған бесік анық.

Ел едік еленбеген, ұмыт болған,
Қаланың тіршілігі тұрып қалған.
Алланың өзі бізге назар салып,
Тамыры аяқасты жүріп барған.

Шаһардың іші бүгін түрленуде,
Ынтығып сырттағылар бір көруге.
Жарық таң атып бізде келе жатыр,
Жайменен аяқ бастық гүлденуге.

Балқашым тола түсіп арнасына,
Кіріссін ел момақан шаруасына.
Жұртының жағдайын еш ұмытпаған,
Рахмет осы елдің ағасына.

Иншалла, өсіп-өніп, көгереміз,
Қозады қуаныштан делебеміз.
Орындап бабалардың аманатын,
Өседі немереміз, шөбереміз.

Бірлікті көрсетелік, ел екенбіз,
Кіреді сонда ғана берекеміз.
Қаланың 66 жыл мерейтойы,
Лайым, құтты болғай мерекеміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



Уважаемые Приозерцы!

От имени командования и всего личного состава 10 Орден Ленина и Красной Звезды испытательного полигона сердечно поздравляю всех тех, кого судьба свела с полигоном и городом Приозерск, с 66 годовщиной со дня его образования.

В далеком 1956 году было положено начало в создании испытательного полигона, а с ним и замечательного города Приозерск, который возник в бескрайних казахстанских степях, на берегу красивейшего озера Балхаш.

История распорядилась так, что сегодня мы живем в суверенных и независимых государствах, являемся непосредственными свидетелями и участниками переустройства общественной жизни. Реалии сегодняшнего дня таковы, что в городе Приозерск сошлись интересы двух государств и сама жизнь диктует необходимость совместно решать проблемы военного сотрудничества, обеспечения правопорядка, жизнеобеспечения города, в решении которых мы успешно взаимодействуем.

Сегодня Приозерск динамично развивается. Мы видим, как преобразуется город, благоустраиваются и зеленеют улицы, строятся новые дома, налаживается инфраструктура.

Благодаря вашему трудолюбию, профессионализму, опыту старших поколений и активности молодежи он уверенно движется вперед в своем развитии. А все потому, что в нем живут неравнодушные люди. Которые не только работают во благо процветания родного города, но и отдают ему частичку своего сердца, тепло своей души.

Город Приозерск для многих военнослужащих стал вторым домом, здесь мы живем, здесь мы женимся, здесь рождаются наши дети и каждый из нас чувствует тепло и гостеприимство Казахской земли.

Сегодня наш общий праздник. Какими бы разными мы ни были, как бы ни складывались наши судьбы, всех нас объединяет любовь к нашему городу, участие в его судьбе, неравнодушие к облику и традициям. Мы по праву гордимся историей нашего полигона и города, его современными достижениями, верим в его большое будущее.

Дорогие Приозерцы! Сегодня в этот торжественный и праздничный день хочу пожелать всем крепкого здоровья, счастья и семейного благополучия. С праздником дорогие друзья!

*начальник
10 испытательного
полигона,
полковник А.В. Казаков*

Құрметті қала тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Приозерск гарнизонндағы әскери бөлімдерде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер атынан Приозерск қаласының құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1956 жылы Приозерск қаласының әскери қалашық ретінде іргетасы қаланғанын білеміз.

Биылғы Қазақстан халқына арналған "Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы" атты жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: "Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардан үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды

және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді" - деген болатын.

Қала күніне орай, Приозерск қаласының іргесіндегі Балхаш көлінің жағасынан орын алған жаңа нысан - егеменді еліміздің көк байрағын биікке көтеру тұғырының ашылу салтанаты құтты болсын! Дамудың жаңа жолын тандаған Тәуелсіз Қазақстанымыз қанатын кенге жайып, өркендей берсін! Приозерск қаласы күннен күнге көркейіп, гүлдене берсін! Қала халқының мақтанышына айналған Приозерск қаласы еліміздегі ең дамыған қалалардың қатарларынан көріне берсін!

*Приозерск гарнизонының
бастығы 06708 әскери
бөлімінің командирі
Подполковник Ж.С.Абеков*

Қала күні**«ЖЫЛ МЕКЕМЕСІ-2022» –
ФЕСТИВАЛЬ-КОНЦЕРТІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

қазылар тарапынан жоғары баға алған командалар жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Басқа әріптестерімнің ой-пікірі туралы ештеңе айтпаймын, өзімнің пайымдауымша және бағалауымша Приозерск қаласы азаматтық қорғау гарнизонының «ЖАЛЫН», ҚР ҚМ 18405 әскери бөлімінің «АРСЕНАЛ» және Приозерск қаласының әкімдігінің «САРЫАРҚА» командаларының өнерпаздары фестиваль-байқауға тыңғылықты дайындалып, барынша жақсы өнер көрсетті деп ойлаймын. Өз тарапынан «БЛИМЛАНД» командасының биі мен төрттік орындаған «Көзімнің мөлдірін-ай» әні, № 2 мектептің «4 К» ұжымының сәлемдесу-таныстыруы, сахналық костюмі, күй орындауы, «ДОСТЫҚ» командасының «Аққу» биі, «Қазақ вальсі», Приозерск қаласы азаматтық қорғау гарнизонының «ЖАЛЫН» командасының әзілдерден құралған қойылымы, «Мен – қазақпын» хоры, «Біздің елдің жігіттері» және «Бозторғай» әндері, ҚР ҚМ 44841 әскери бөлімінің «ТҮЛПАР» командасындағы Мәди Ғайыпов орындаған күй мен топтық биі, 06708 әскери бөлімі «ТАРЛАН» командасының «Офицерлер» биі, «Самға қазақ!» әні, «Қоян-қолтық ұрыс» сахналық көрінісі, «Қазақ елі» әні, Балқаш емдеу сауықтыру кешенінің сахналық киімі, Приозерск қаласы әкімдігінің «САРЫАРҚА» ұжымының барлық нөмірлеріне көңілім толып, әділ бағаладым және көремендер тарапынан да зор қошеметке бөленіп, қол шалақтауға лайықты болды деп есептеймін. Шыны керек, кейбір ұжымдардың өнерлері ұнамды болғанымен, тақырыпты аша алмады, кейбірінде жүргізушілердің сөз қоры жеткіліксіз болса, біреулері атүсті дайындалып келгені көрініп тұрды. Кейбіріннің сах-

байқауды қарап, бақылап, қазылық еткен әріптестерім де әр командаға өздерінің таным-таразысы, көзқарасы, көңілдері не қабылдауы арқылы әртүрлі бағалап отырды. Бұл – қалыпты жағдай. Әркімнің өз танымы болатыны табиғи жағдай.

Сонымен қала тұрғындары мен газет оқырмандарының екі айдан астам уақытқа созылған фестиваль-байқаудың қорытынды нәтижесімен танысатын сәті келді. Барлық талаптар бойынша қазылар алқасының жоғары бағасын алып, бас жүлдені Приозерск қаласы азаматтық қорғау гарнизонының «ЖАЛЫН» командасы жеңіп алды. Екінші орынға ҚР ҚМ 44841 әскери бөлімінің «ТҮЛПАР» командасының ұжымы ие болса, жүлделі үшінші орынға 06708 әскери бөлімі «ТАРЛАН» командасы лайық деп танылды. Жүлделі төртінші және бесінші орындарды Приозерск қаласы әкімдігінің «САРЫАРҚА» командасы мен РФ ҚМ03080 әскери бөлімінің «ИСКРА» командалары бөлісті. Жеміпаз командаларға қала әкімі мен ұйымдастырушылардың қаржылай және заттай марапаттары қаламыздың 66 жылдық күні мерекесі күні әкім Сапар Сатаев салтанатты түрде табыс етті.

Қорыта айтқанда, қаламызда алғаш рет ұйымдастырылып, өткізілген аталған фестиваль-байқаудың жалпы бағыт-бағдары дұрыс, құптарлық шара болғаны даусыз. Алдағы жылдары осы жылғы кеткен кемшіліктерден нәтиже шығарып, алға қарай ұмтылыс пайда болады деп үміттенеміз хәм сенім артамыз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,

қазылар алқасының мүшесі.



Приозерск әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтің бастамасымен «Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауы жарияланып, оған қатысушы командалар тізімі қаладағы кәсіпорын, мекемелер, әскери бөлімдер мен ұйымдарға ұсынылған болатын. Атап айтқанда қаламыздағы Приозерск қаласының әкімдігінің «САРЫАРҚА», Приозерск қаласы білім бөлімінің «БЛИМЛАНД», Приозерск қаласы № 2 мектебінің «4 К», ҚР ҚМ 18405 әскери бөлімінің «АРСЕНАЛ», «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының «ДОСТЫҚ», Приозерск қаласы азаматтық қорғау гарнизонының «ЖАЛЫН», Приозерск қаласы ішкі істер бөлімінің «САҚШЫЛАР», ҚР ҚМ 06708 әскери бөлімінің «ТАРЛАН», Балқаш емдеу сауықтыру кешенінің «БАЛҚАШ», Приозерск қаласы орталық ауруханасының «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ОЗАТТАРЫ», РФ ҚМ03080 әскери бөлімінің «ИСКРА», ҚР ҚМ 44841 әскери бөлімінің «ТҮЛПАР» және ҚР ҚМ 60601 әскери бөлімінің «САФАДАТ» командалары «Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауына қатысуға өтініш білдірген еді. Байқау барысында 60601 әскери бөлімі командасы жағдайларына байланысты аталған өнер жарысына қатыса алмады.

«Жыл мекемесі-2022» фестиваль-байқауы аясында шығармашылық байқауына қоса сөндік-қолданбалы колөнер байқауы және спорттық сайыстар кешені. Бұл байқауларға басқа қазылар алқасы төрешілік етті.

Ұйымдастырушылардың таңдауымен осынау фестиваль-байқауына қатысушылардың өнерлері мен шығармашылығын бағалау үшін қазылар алқасы тағайындалып, оның құрамында жеке кәсіпкер, эстрадалық әндер орындаушыларының республикалық, облыстық байқауларының лауреаты Талғат Маратович

Карикенов (төраға), Приозерск қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі Роза Ақылбайқызы Дәнеғұлова, жеке кәсіпкер, қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Алма Сейтжапаровна Абилядинова, Приозерск қалалық мемлекеттік архивінің архивисті, мәдениет саласының тәжірибелі маманы Женисқұл Кемалқызы Кеңесова, Приозерск қалалық аналар кеңесінің мүшесі Жарас Қармысқызы Қармысова, кітапханашы, мәдениет саласының қызметкері Тиранова Надежда Александровна және ақын, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі Нұрғали Қыдырмуратұлы Қарабектегі болды.

Шығармашылық байқауына қатысушы командалар мамыр айының 20-жүлдызынан бастап әр аптаның жұмасында «Достық» орталығында шығармашылық концерттерін қойып, қала тұрғындарына – көрермендерге отырды. Бұл концерттер кестеге сәйкес шілде айының соңына дейін жалғасып, жоспар бойынша 29-шілде күні қала күнін мерекелеу кезінде гала концертпен аяқталады деп межеленді. Екі жарым айға созылған бұл фестивальдің басты мақсаты – мекемелердің, кәсіпорындардың қызметкерлерін белсенді шығармашылық қызметке тарту, ұжымдарды біріктіріп, жана талант иелерін анықтау, салауатты өмір салтын насихаттау болатын. Біздің ойымыша бұл мақсат артығымен орындалды әрі қала тұрғындары тарапынан жоғары бағаланып, қоштауына кенелді. Әрбір ұжым қал-қадерінше дайындалып, көременнің көңілінен шығуға талпынды, әрекеттенді. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда», демекші, оза шауып, өнерлерін паш еткен,

Өзекті

Приозерск қаласында салынып жатқан құрылыс объектілері

Ағымдағы жылы қаламызда құрылыс саласы бойынша келесі жұмыстар атқарылуда:
- Балқаш көшесінде 45 пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы жалғасуда.

Нөмірі бірінші үйді мердігер - «Констракшн Трэйнинг Ресурсес» ЖШС салып жатыр.

Объект құрылысы 2021 жылы басталған болатын. Оған республикамыздың ұлттық қорынан және облыс бюджетінен қаражат бөлінді.

Қазіргі уақытта үйдің сыртқы және ішкі қабырғалары кірпішпен қаланып, төбесі темірбетон плиталармен жабылды, ішкі қабырғалар сыланды.

Бірінші қабаттан бесінші қабатқа дейін баспалдақтар орнатылды. Үйдің ішінде электромонтаж және сантехникалық жұмыстар және шатырлау жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарын осы жылдың қарашасында аяқтап, үйді пайдалануға қабылдап аламыз деп жоспарлап отырмыз;

- Нөмірі екінші үйде мердігер - «Корпорация» МСК-Строй» ЖШС жұмыстар атқаруда. Объект құрылысы 2020 жылы басталған болатын. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары аяқталып келеді, объектіні осы жылдың тамызында пайдалануға қабылдап аламыз деп жоспарлап отырмыз;

«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ-нің ғимаратын реконструкциялау жұмыстары да жалғасын тапты. Мердігер-«Емаар» ЖШС. Объект құрылысы 2021 жылы басталған болатын. Қазіргі уақытта

құрылыс жұмыстары аяқталып келеді, объектіні тамыз айында аяқтап, пайдалануға қабылдап аламыз деп жоспарлап отырмыз. Құрылыс кезінде ғимараттың қасбеті, кіреберісі, шатыры, акт залы, электр сымдары мен қондырғылары түгелдей күрделі жөндеуден, ал кабинеттер ішінара жөндеуден өтті;

- Будан басқа осы жылы қаламызда 500 орындық мәдениет үйі мен деңешынықтыру-сауықтыру кешенін салуға және оларға инженерлік желілер тартуға жоба-сметалық құжаттама даярлау жұмыстары жалғасты. Жобалаушы-«Прикаспийское управление строительства-Шымкент» ЖШС. Деңешынықтыру-сауықтыру кешенінің жоба-сметалық құжаттамасы дайын болып, жұмыс жобасы ведомствадан тыс сараптамадан өткізілді, сараптаманың оң қорытындысы мамыр айының 11-де алынды. Басқа екі жобаның жұмыстары да аяқталды және сараптамаға өткізілді.

Приозерск қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Ж.Есенжолов



Тұсаукесер

«Ойлы мақала-оқырман олжасы»
«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің тұсаукесері.

Газет – ақпараттың тәрбиелік мәні
һәм эстетикасы.

Газет оқу да бір өнер деседі. Себебі оның тілі бөлек, айтары бөлек. Газет оқыған адамдардың ешқайсысы жаңалықтан шет қалмайды.

Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткен сөзді ескерсек «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Ендеше ол халықпен бірге болуға тиісті, жұртшылыққа ақпарат беруші, елдің сауатын ашушы құрал.

Газет тек бір адамның маңдай терімен емес, бір ұжымның атқарған қызметінің нәтижесі. Ол алдымен теріліп жазылады, жөндеу, түзетуде өткізіледі, содан соң баспаханаға жіберіледі, тек содан кейін ғана біздің қолымызға жетеді. Ал бір мақаланы жазу үшін журналистің еңбегі зор болады. Ол бір мақала үшін бірнеше күнін жұмсауы мүмкін, тек шынайы, маңызды ақпаратты халыққа ұсынуды көздейді.

Ағымдағы жылдың 29 шілде күні қалалық кітапханада, қала күніне орай шілде айынан бастап жарық көре бастаған облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» атты жаңа басылымның ашылу тұсау кесері өтті. Тұсаукесерге қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевпен қаланың зиялы қауымы, яғни құрметті азаматтары, қоғамдық бірлестіктер мүшелері, мәдениет қызметкерлері және тіл жанашырлары қатысты.

Аталған басылымда әр түрлі ақпараттар мен мақалалар, хабарландырулар, жазбалар мен құттықтаулар жарияланады. Газет – жақсы жаңалық жаршысы, елдің рухани азық алатын күнды дүниесі екені даусыз. Халқымыздың қашанда өнер-білімге, мәдени мұраға деген құштарлығын ескерсек, жанына рухани нәр себетін газет-журналға деген ықыласының зор екені анық. Сөз кезегінде қала әкімі Сапар

Қайыркенұлы Сатаев осы басылымның бас редакторы Исатай Махамбет Алтайұлын құттықтап, басылымның лентасын қиып, жылы лебізін білдірді. Енді ғана жарық көргеніне қарамастан көзіқарақты оқырманның сүйікті басылымдарының біріне айналып үлгерген жас басылымға алдағы күнге сәттілік тіледі. Бұл – қала әкімі Сапар Қайыркенұлының жергілікті баспасөзге деген құрметі, көрсеткен зор қамқорлығы екенін баса айтқан жөн.

Газет – тарих сындарынан сүрінбей өтіп, біздің заманымызға дейін жеткен адамзаттың ең асыл рухани қазыналарының бірі. Мерзімді басылымдардың пішіні, бояуы, әріптері, суреттері, безендірілуі жылдар бойы жетіліп, қалыптасып, қазіргі біз көріп жүргендей қалыпқа еніп, адам баласы өркениетінің ажырамас бір бөлігіне айналып үлгерді. Осындай орасан зор рухани байлығымыз цифрлы технологияның келуімен бір күнде жоғалып кетеді деу ақылға сыймайды. Әйткенмен, «заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, бүгінгі интернет мүмкіндігін пайдалану газет-журналдарға артықтық етпейді. Газет – қаншама адамның үздіксіз ізденісі, табанды еңбегі.

Тұсау кесер соңында сөз алған газеттің бас редакторы Исатай Махамбет Алтайұлы орасан зор алғысын білдіріп, қашанда газет-өмір айнасы екенін айтып өтті.

Енді ғана жарық көрген жаңа басылымға әр уақытта қаламдарыңыз қарымды болып, шығармашылық табысқа жете берудіңізге тілектеспін!

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ библиограф Мукушева Г.К.

Хабарландыру!

«Shagala Mining» ЖШС «Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында мыс кенін үймелеп шаймалау кәсіпорындарын абаттандыру құрылысы» жұмыс жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, әкімдік ғимараты, акт залы.

ҚТ өткізу күні мен уақыты: 2022 жылғы 02 тамыз сағат 11:00.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы «Shagala Mining» ЖШС, БСН 160340013816, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 49/6 бет, 414а кеңсе, тел: 8 (7212) 99-67-32, E-mail: shagala-mining@mail.ru

Жобалаушы «RusMet Engineering Group» ЖШС, БСН 070640000747, Алматы қ., Тимирязев к-сі 42к10, С блогы, 4 қабат, оф. 1, тел.+7 707 949 9339.

Жергілікті атқарушы орган Приозерск қаласының әкімшілігі.

Материалдармен танысуға болады: Қарағанды облысының ӘПЖН интернет-ресурсында және esportal.kz.

Қосымша ақпаратты «RusMet Engineering Group» ЖШС алуға болады +7 707 949 9339.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шағала кен орны. Өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды «Қарағанды облысының ӘПЖН» ММ ЖАО мекенжайына жолдауға болады. Тел: +7 (7212) 56-81-66, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 және тел бойынша +7 707 949 9339.

Объявление

ОО «Shagala Mining» информирует о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к рабочему проекту «Строительство предприятия по кучному выщелачиванию медных руд в Мойынқумском районе Жамбылской области».

Место проведения общественных слушаний: Карагандинская область, Приозерск Г.А., г. Приозерск, здание Акимата, актовое зал.

Дата и время проведения ОС: 02 августа 2022 г в 11:00 ч.

Инициатор намечаемой деятельности ТОО «Shagala Mining», БИН 160340013816, г. Караганда, пр Бухар Жырау, стр.49/6, оф.414а, тел.: 8(7212)99-67-32, E-mail: shagala-mining@mail.ru

Составитель отчета о возможных воздействиях ТОО «RusMet Engineering Group», БИН 070640000747, г. Алматы, ул. Тимирязева 42к10, Блок С, 4 этаж, оф. 1, тел. +7 707 949 9339.

Местный исполнительный орган Акимат г. Приозерск

С материалами можно ознакомиться: на официальном интернет-ресурсе Управления природными ресурсами Карагандинской области и esportal.kz.

Дополнительную информацию можно получить ТОО «RusMet Engineering Group» тел. +7 707 949 9339.

Территория воздействия: Карагандинская область, Шетский район, месторождение Шағала.

Направьте свои замечания и предложения можно по адресу МИО ГУ «УПРП Карагандинской области». Тел: +7 (7212) 56-81-66, г.Караганда, ул.Лободы, 20 и по тел +7 707 949 9339.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №4/4, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.